

МКҚК «Күншуақ» бөбежай –бақшасы»

**№ 11 «Жұлдыз» ересек тобының
«Жыл басы Наурыз!» атты ертеңгілігі**



Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж
Тәрбиешілер: Абдыкова А.Т
Нургалиева А.К

2024-2025 оқу жылы

«Жыл басы Наурыз!»

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтар мен отбасылық тәрбие мен мәдениеттерді қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар ата-аналар, қонақтар, балалар! Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлы күні!» наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

«Жыл басы Наурыз!» атты мерекесін тамашалаңыздар.

Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі.

Жүргізуші: Құрметті қонақтер, балалар!

Ал халайық тұрмайық,

Өндетіп жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға,

Жырдан шашу шашайық.

Наурыз жыл басы құтты болсын!

Жаңа жыл тек жақсы жаңалық әкелсін!

Ақ мол болсын!

Халық тоқ болсын!

Еліміз тыныш болсын!

Баршамызға бақ қонсын!

Балаларды ортаға қошеметпен шақырайық

Би: «РУХ» биі

Ән:»Көктем»

Жылғалардан су ағып, көктем келді көгіме,

Алтын түсті алтын күн нұрын шашты төгіле.

Құстар сайрап, ән салып, шартарапта ұшады,

Бәйшешектер бүр жарып, нұр ойнайды көгімде.

Жүргізуші: Енді біздің кішкентай балалардың мерекеге арналған жыр-шумақтарын қабыл алыңыздар

1.Айлин.

Наурыз – бұл мереке

Құтты болсын береке

Қыдыр ата келсін

Жақсы тілек әкелсін.

2.Али.

Кел балалар ойнайық,

Наурыз тойын тойлайық

Баянды боп мереке

Қыр гүліндей жайнайық

3.Аяла.

Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,

4.Нұраят.

Құт бауырсақ шашылып,
Наурыз тойы ашылсын
Бір бірімен мына жұрт
Көрімдігін асырсын.

5.Ақнұр.

Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

6.Имран.

Наурыз тойы — тамаша,
Наурыз тойы — жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса

Жүргізуші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Сонымен қатар бүгінгі тобымыздың мерекелік ертеңгілігінде ата-аналарымыздың «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Аналар мектебінің» белсенді топтарын атап өтсек.

1 топ: «Оюлар» 2 топ-«Дастархан»; 3 топ- «Домбыра»; 4 топ- «Ұлттық мәдениет» тобы болып бөлінген топтарды атап өткіміз келеді.

1 топ-«Оюлар» тобын ортаға шақырамыз: Оюлар тобының өз ұлттық қолөнерімен тәнті ету, Оюларды ата тапсырмасы: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» Оюдың қазақ халқына не үшін қажет?

Сұрақ: *Оюлар қандай юбұйымдардан немесе қандай заттарда кездеседі?*

Балалармен ойын ұйымдастырады: **Ойын-«Өгіз тартыс»** Рахмет аналарымызға!

7.Алихан.

Байқадым бұл күн – дүбірлі,
Молшылық, мейір маңайым.
Басты ұран тойда бүгінгі –
Береке, бірлік, ағайын!

8.Бақтияр. Арпа бидай бастаған, Жеті дәмнен аспаған.

Наурыз көже ежелден,
Бұл тойдағы бас тағам.

9.Ахмедияр. Наурыз тойы — елдің тойы, Көктем тойы — төлдің тойы.

Ән айтатын күні бойы
Жақсы көрем **Наурыз** тойын!

10.Фирдаус. Әнім де, биім де саған,

Құт қонақ өзің үйіме.
Қуаныш сыйлап,
Күлімде Наурыз күлімде!

11.Ясина

Бата беріп апамыз,
Бата беріп атамыз.
Тәтті болып жасаған,
Наурыз дәмін татамыз.

Жүргізуші: Қасиет еткен халқымыз,

Жаңғыртар дәстүр салтымыз

Сән салтымен ел көрікті

Салт дәстүрді сыйлау үлкен міндетті.

Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық.

Дәстүрлеріміздің бірі «шілдехана», «тұсау кесер», «сүндетке отырғызу» «келін

түсіру» дей отырып бүгінгі Наурыз мерекесіне жиналған Ортаға **«Ұлттық**

мәдениет» тобын шақырамыз. Шарты: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен

таныстыруды жалғастыру, **«Жеті ата»;** **«Асар»**, **«Сүйінші сұрау»** дәстүрлерінің

мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп

ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-

біріне қамқор болуға баулу. Сұрақ: Жеті атаңды ата? «Асар» дегенді қалай

түсінесің?, «Сүйінші сұрау» дегенді түсіндіріп беріңіз?

Аналармен ойын: «Білек сынасу»

Жүргізуші:

Кең болсын қазағымның керегесі,

Кетпесін Алла берген берекесі,

Алаштың баласына нәсіп болған,

Құтты болсын НАУРЫЗ мерекесі!

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, келіндер балалар «Наурыз –Думан» биін билеп берейік.

Би: «БӘЙГЕ биі

2 топ-«Дастархан»

Ортаға 7 шелпегімен аналарымыз кіреді.

Жеті күлшенің сауабы жеті атаңа, одан асса жетпіс атаңа кетеді, Ал бір күлше өз қара басыңа жетеді» деп Ысқақ Қожаұлы айтқандай «Жеті шелпек жеті түрлі бәледен сақтайды деген сөз пайда болған екен. Иә қазақ халқына жеті саны жат емес, «Жеті ата», «жеті қазына», «жеті шелпек» ұғымдары ерекше. Еліміздің сан жыл тарихына дәстүріне айналған жеті шелпек тарату ерекше мәнге ие дей отырып **«Жеті шелпекті»** қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Наурыз әлем, **наурыз** құс,

Сұлу дала, сағым түз.

Самғай ұшқан қарылғаш,

Аққу қаздар мамық төс.

Наурыз дала, **наурыз** гүл,

Тентек сезім, үнсіз тіл.

Ақ қайыңның аясында айқасқан,

Балуан білек, қыпша бел дей отыра тобымыздың батырларының **«Көтеріспек»** ойынын қарсы алыңыздар.

Жүргізуші: Бүгінгі тойға алыстан ат терлетіп, аса қадірлі қонағымыз Қыдыр ата келді. Қыдыр ата жоғары шығып, төрлетіңіз, балалардың өнерін тамшалаңыз.

Қыдыр ата: Амансындар ма, балаларым!

Наурыз мерекесі құтты болсын! Әр отбасына құт-береке әкелсін!

Қыдыр ата: Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсын,

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

(бата беріліп, шашу шашылып, дәм татуға шақырамыз)

Жүргізуші:

Қарық қып құтты Наурыз,

Қазанға толсын сары уыз,

Қайнасын Наурыз көжеде,

Толтырып ішкей кесеңе.

Көппен бірге күлімде,

Көбейсін жаңа достарың.

Молайсын елге қосқаның,

Жарасып көңілдер де,

Бекісін халық достығы

Әдептен ата дәстүрін,

Әсем боп өссін жас буын.

«Домбыра» тобын ортаға шақырамыз. Шарты: мақал-мәтел жарысы, ұтылған топ ұлттық әндерді атайды

Ортаға аналарымыз наурыз көжесімен келеді)

3 топ. Аналар: Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы. Оған 7түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

«Бәйге» ойыны: мақал-мәтел жарыспақ

Жүргізуші: Жылдың басы Наурыз,

Жырдың басы Наурыз.

Наурызға арналсын,

Бүгінгі жыр әніміз!

Ән: «Қош келдің төрлет Наурызым!»

Жүргізуші:

Қош келдіңіз

Ұлыс күні қазан толса

Ол жылы ақ мол болар

Ұлы кісіден бата алсаң

Сонда олжалы жол болар, деп өзіңізден бата сұраймыз.

Қыдыр ата бата береді.

Жүргізуші: Балалар, қонақтар сүйінші Қыдыр ата келе жатыр.

Қыдыр ата: Армысыздар халайық. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Қыдыр ата: Армысың ұлдарым! Армысың қыздарым! Жыл басы Наурыз құтты болсын! Молшылық жыл болсын!

Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейің.

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін.

Ұлыс оң болсын.

Ақ мол болсын.

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын.

Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

Жүргізуші: Айтқаныңыз келсін, Қыдыр ата!

Ал келіндер қонақтар

Досқа құшақ ашайық

Өлең жырға басайық

Қазақтың бір салты деп

Тойға шашу шашайық!

Шашу бий- қыздар

Жүргізуші: Енді осы қышкентай өнерлі балаларымызды өмірге акеліп, өнерін тамашалауға келген және де бізге көмектерін аямаған ата-аналармен «Сыр-сандық» атты сұрақ-жауап өткізсек.

Сұрақ-жауап: «Сыр-сандық» Ата-аналарға арналған сұрақтар:

- Өмірде не тәтті? (Ананың сүті)
- Өмірде не қымбат? (Бала, Отан)
- Жыл басы? (Наурыз)
- Қасиетті сан? (Жеті саны)
- Өмірде не жұмсақ? (Ананың алақаны)

Балалардың орындауында: ОРКЕСТОР

Жүргізуші: Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,
Тербетсін шаттық әні қазақ жерін
Той бастаған қадамын құтты болсын,
Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын
Қош болыңыз, Наурызым ардақты
Халқым саған бар үмітін жалғапты!
Жылда осылай келе берсін жарасып!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Наурыз береке – бірлік әкелсін!
Сау болыңыздар!

